



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

өздерің де бұл оқиғаға қажымандар. Құдай тағала Алашқа шын ұл бергеніне ғана көзім жетті. Алпыс жасқа келгенде мұндай ұлт үшін құрбан болатын азаматты көремін деп деген үмітім жоқ еді. Көрдім, енді бүгін өлсем де арманым жоқ. Қарағым, Қазыжан, қадіріңді біліп құрметтей алмасақ, кешу қыл. Хош, қабірің нұрлы болсын!» – дегенде жиылған жұрт еңіреп жылап жібереді.

Бұл оқиғаны жазу авторға да оңай тимегені сезіледі. Большевиктердің оспадарлығына ашынады, күйінеді.

Сондай-ақ, 28 жасар офицер Нұғман Сарыбөпеұлын да большевиктердің азаптап өлтіргенін жазады. «...Нұғманды жалаңаштап қамшымен сабап, мылтықтың дүмімен ұрып, ең соңында алты мылтықпен бір басып, өлді деп тастап кетеді. Бірақ ол кезде Нұғман тірі екен. Соңынан әйелі Зинаятта Рамазанованың ішкі киімінен басқасын, алтын-күміс нәрселерін, ақшасын, Нұғманның киімдерін бәрін әлгі залымдар ауылға келіп, жұрдай қылып тонап алып кетіп бара жатқанда кеудесін сүйретіп, ауылға қарай жер бауырлай келе жатқан Нұғманды көріп тағы қылыштың астына алып, мылжа-мылжа қылып, қарнын тіліп, басын шауып, көзін шығарып, ит көрмеген қорлықты көрсетіп өлтірді. Сүйтіп Алаштың маңдайына басқан бір адал жігіті елінен шығып большевик дініне кірген бұралқы атты-казактардың қолында ұстанған бағытын қуып барғанда құрбан болады», – деп қылмыстың барысын баяндайды. Жантүршігерлік итқорлықпен өлген алаш азаматы үшін автор ішінен қан жылап, өкінеді.

«Бұл екеуі қатарында ұстанған бағытының құрбаны болған үшінші бір азаматтың опат хабарын құдай есіттірмесін», – деп түйеді автор.

Жазықсыз жаламен қазақтың бүкіл зиялы қауымы ұсталып, оның ішінде өзі де опат боларын алаш қайраткері Ж.Жәнібеков сол кезде әрине сезбеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б.
- 2.Ү.Субханбердина. Әйгілі «Қазақ» газеті // Зерде. – 1990.–№ 5.
- 3.Тарих көк кітап. Қазақстан тарихы: 5 томдық. – Алматы: Атамұра, 2002. – Т.3. – 768 б.
- 4.Қ.Сақ. Ұлттық сана ұйытқысы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 86-93бб.
- 5.Д.Қамзабекұлы. Алаштың рухани тұғыры.– Алматы: Ел-шежіре, 2008.– 5б.
- 6.Ж.Жәнібеков. Аттан, Алаш азаматы! //Қазақ, 1918, №262, 30 маусым.
- 7.Ж.Жәнібеков. Алаш құрбандары. //Қазақ, 1918, №262, 30 маусым.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА: ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН БОЛАШАҒЫ (гипотеза)

Қайыртаев Данияр Алматұлы

kairtayev.daniyar@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Журналистика және саясаттану факультетінің 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Қазіргі ақпарат қажеттілігі дәуірлеп тұрған заманда БАҚ-тың әр бағыты ерекше маңызға ие десек болады. Алайда, ақпарат құралдарына әсерін тигізбей кетпейтін техника-технология саласының көз ілеспес жылдамдықпен дамып келе жатқандығын ескермей кеткеніміз миға қонымсыз екендігі тағы да белгілі нәрсе. Салыстырмалылық теориясына сәйкес, кешегі телерадиожурналистиканы бүгінгі күнмен бағамдап қарасақ, өлшеусіз өзгерістің, ілкімді ілгерілеудің бар екендігі айдан анық. Көз көріп, құлақ естіп отырғандықтан мұны дәлелдеудің де қажеті жоқ сияқты. Қазақ телевизиясы қалыптасқан кезден көңілін көгілдір экранға күрмеулеп қойған көрермен, бүгінгі таңда едәуір жасты еншілеп қалды. Жоғарыдағы сөзімізді айғақтайтын сол көзі қарақты көрермендер мен радиотыңдармандар екенін айта кеткен жөн. Енді барынша дамып, жетіліп қойғандай

көрінетін бұл медиасалаларының болашағы қандай? Бізді нендей өзгерістер күтіп тұр? Осы сұрақтардың төңірегінде өзімізше ой қорытып, байыпты пайымдаулар жасап көрген едік.

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры дедік, яғни адамзат дамудың жаңа сатысы – ақпараттық қоғамға аяқ басты. «Ақпараттық қоғам» идеясы алғаш рет өткен ғасырдағы 60-жылдардың аяғы мен 70-жылдардың басында бірқатар ғалымдардың, атап айтқанда, Д.Белл мен Э.Тоффлердің зерттеулерінде көрініс тапты. Олар адамзат өркениеті аграрлық және индустриалдық даму кезеңдерінен кейін жаңа ақпараттық кезеңге қадам басады деп есептеген. Ақпараттық қоғамның тұжырымдамасын зерттеушілер «технологиялық жаңашылдықтар түбегейлі мәдени және әлеуметтік өзгерістер туғызады, әлем мүлдем өзгеше болады» деген дәйектермен келтіреді. Зерттеушілер атап өткендей, «жаһандық ақпараттық қоғам» термині ең алдымен саяси, экономикалық және мәдени-әлеуметтік тұрғыдан алғанда, ақпарат пен білімнің рөлі үздіксіз артып отыруына байланысты дамитын аса ауқымды біртұтас ақпарат индустриясы деген ұғымнан тұрады. Бұл құбылыс жаһандық компьютер желілерінің, бірінші кезекте интернеттің пайда болуымен тығыз байланысты. Біздіңше топшыласақ, интернет өзінің баспа, радио, телефон, кино мен телевидение секілді революциялық технологиялар лигасына кіруге лайықты екендігін дәлелдегенімен, дүниені шын мәнінде өзгертетін шарықтау шегі әлі де болса алда. Баспа, радио, кино мен телевидение ақпаратты бір орталықтан көпшілікке таратуға мүмкіндік берді. Интернет болса, жалқы мен жалқыны, жеке мен көпшілікті және ең бастысы, көпшілік пен көпшілікті байланыстыратын әмбебап коммуникациялық құралға айналды. Қазір адам көрген-білгенімен бөлісу үшін, "жариялану" үшін ешкімге жалынышты емес. Енді ең беделді ақпарат көзі – оқиға орнында болған қарапайым адам. Технология әр адамға оқиға орнынан жаңалық таратуға мүмкіндік берді. Көрген-білгенін ортаға салғысы келетін адам мен ақпаратты тұтынушы арасында автор, редактор, корректор, продюсер, баспагер, цензор секілді делдалдар жоқ. Бұдан былай қоғам тыңдарман, көрермен және тұтынушылардың тобы емес. Әрқайсысымыз жаңалық жасап, оны қас-қағым сәтте миллиондаған адамға тегін жеткізуге мүмкіндік алдық. Бұл өзгеріс кәсіби журналистика, дәстүрлі баспасөз бен телевидениенің жағдайын әсіресе қатты шайқалтты. Бір жағынан бұқаралық ақпарат құралдарының монополиясы әлсіреп, кез-келген адам оларға бәсекелес болатын жағдай туды.

Жаһанды бір желіде байланыстырып, Ыбырай атамыз айтатын нағыз «жылдам хабар алғызатын» жүйе – интернет пайда болғалы бері, түрлі болжамдар айтылып келеді. Әр тараптың айтар ойына сіз бен біз әбден қанықпыз деп ойлаймын. Тіпті, дұдамалдау долбарларды да естідік. Барлығына уақыт төреші дегенімізбен, болжам жасауға келгенде плюрализмнің болғанын қолдаймыз.

Өте қысқа уақытта адамның өмір салтын танымастай етіп түрлендіріп, күрделі әлеуметтік процестердің жылдамдығын үдеткен ақпараттық технологиялар – бүгінгі күннің ең көп айтылатын, аса тартысты, сөйте тұра анық-қанығы аз тақырыптардың бірі. Айналдырған он шақты жылдың ішінде ғаламтор тек байланыс құралы ғана емес, өмір салтының ажырамас нышанына айналды.

Ғаламтор ең алдымен өзінің пайдасын немесе зиянын (оны өзіңіз шешіңіз) газет-журналдарға тигізді. Тіпті, орнын басады деген ойға келгендер болды. Әлі де бар. Сәйкесінше, дәстүрлі баспасөз құралдары интернетті газет немесе журналдың электронды көшірмесі деп біледі. Даурықты. Аты дүние жүзіне әйгілі газет-журналдардың таралымы күрт төмендеп, бірінен кейін бірі жабылуда. Біршама газеттер, тарихы тереңге кеткен басылымдар интернет сайт ретінде өз жұмыстарын жалғастырып жатыр. Қазір, кез келген газеттің ғаламтор желісінде жеке сайты, мобильді құрылғыларға арналған қосымшасы болмаса марғау тартқан менеджменттің белгісіндей қарайтын болдық. Сөйтіп, интернет бәсекелес те болды, серіктес ретінде де көріне алып отыр. Ендігі таңда, керісінше, интернет басылымдар көбейіп, оның ең озық оқылымдысы, көп қонақ-қолданушы (посетитель) жинай алып отырғандары ғана өз оқырмандарына қағаз түріндегі газет ретінде таралады деген ойдамын. Себебі, қағаз басылымның шығыны көп. Оны шығару, тарату деген қиямет-

қайымның өзі екенін осы саланың азаматтары жақсы біледі. Сондықтан, алдымен бір арнаға түсіп, айналым жасап алғаннан кейін, сұраныстың болуына сәйкес газет немесе айына бір шығатын жинақ-журнал ретінде жарық көріп отырады деген тұспалды ой-пікірге келіп отырмыз. Бүгінде аналитикалық «Власть» және жастарға арналған «МОСТ» (Platonus платформасында таралады) деген интернет-журналдар осы жолда даму үстіне түскен сыңайлы. Тек фоторепортаждарға арналған «Vox Populi» сайты қандай!? Сондай-ақ, «Жақсы», «Намыс», «Ұлт», «Қамшы», «Абай» сайттарын мысалға алмай кеткеніміз ағаттық болар. Ал ақпараттық емес, ғылыми немесе әдеби басылымдардың қағаз күйінде сақталып қалуы әбден мүмкін.

Енді тақырыбымыздың негізгі нысаны, ғаламтордың телевизияға тигізер әсеріне келетін болсақ. Ия, барлық БАҚ-тың болашағын тек интернетпен байланыстырып отырғанымызды байқаған боларсыз? Мұның да өзіндік себептерін ашып айтайық. Біздіңше ой қорытсақ, телевизия саласы өзінше дамып, пісіп болды. Енді сол шеңбердің шекарасынан шыға алмай, айналшықтап жүргендей. Қазір түк жаңашылдықты байқай алмай отырғанымыздың себебі – осы. Керісінше жанрлық жағынан барынша жұтаңдап, стильдік тұрғыдан суалып бара жатқандай көрінеді. Кешегі көптеген жанрлар мен стильдер не өзінің өзектілігін жоғалтты, не олармен айналысатын кадр тапшы. Медиагерлер жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүруді әдетке айналдырды. БАҚ-тың барлық түрінде қаптап кеткен сұхбат алғыштар осыған дәлел. Кейде, соның өзі сауаттылық жағынан ақсап жатады. Ізденіс жоқ. Тұнып тұрған копия! Бір журналист зерттеп-зерделеп дайындалады, сапалы сұрақтар қоюға тырысады. Сұхбаты сәтті шығады. Қалған барлық интервьюерлер осы әріптесінің қойған сауалдарын көшіреді де, беті бүлк етпестен жаңағы респондентке барады. Ол да еріксіз бір айтқанын қайталап береді. Сөйтіп, осы үдеріс үздіксіз қайталанып, біреулер паразиттік ғұмыр кешіп келеді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, телевизия белгілі межеге дейін жетті де, тұралап қалды. Бұл қатып қалған рамкадан асу үшін, телевидение басқа күштің ықпалын қажетсініп отырғандай. Осы орайда, әрине күдіреті қуатты «жаһандық желі» көмекке келеді. «Телевизиялық журналистика – бұқаралық ақпарат құралдарының бір саласы, соның ішінде орасан зор мүмкіндіктерді иеленетін жүйе, XX ғасырдың адамзат игілігіне ұсынған ұлы жаңалығы, адамзаттың ой-санасына, көзқарасына тікелей әсер ететін идеологиялық құрал, рухани нәр мен эстетикалық әсер беретін өнердің өзгеше бір түрі, өркениетті әлемдегі саясат алаңы, аудиторияны зерттеумен айналысатын арнайы әлеуметтік институт, ақпарат таратуды бейнелік сипатта жүзеге асатын шығармашылық қызмет» - деген сарында теориялық тұрғыдан оқып жатқанымызбен, бұл дефиницияның да ескірейін деп қалған кезі келді. Дефиниция емес-ау, ол қалады. Тұтас бір медиасаланың дәурені өтіп барады. Жоқ, бүгін емес. Он жылдан кейін де болмауы ықтимал. Бірақ, болашағы бөлек болатыны, басқа формаға енуі – күмәнсіз.

Сонымен, интернет – телевидениені не жандандырып, жаңғыртуы мүмкін, не мүлдем адастырып, өзінің негізгі спецификалық қызметінен жаңылдырып жіберуі мүмкін. Яғни, ақпарат тарату қызметінен, қоғамдық пікір қалыптастыру қауқарынан айрылады. Ол уақытта біздің қазіргі «Қазақстан», «Хабар», «КТК», «7 арна», «АстанаТВ» сияқты көпбағытты арналарымыздың күні қараң. Тек, «Хит ТВ», «Гэкку», «24 кз», «Балапан», «Қазспорт» сияқты арналар қалуы кәдік. Есесіне, қазір жиі айтылып жүрген қоғамдық телеарналардың кең қанат жаюына жол ашылады.

Қазірдің өзінде интернет платформасында түрлі бағдарламалар шығарылып, даму үстінде. Қазақстанда көбінесе аматорлы (эуеской) хабарлар етек жайғанын сөз арасында тілге тиек ете кеткен жөн. Ал біздің айтайын дегеніміз кәдімгі профессионалды техникаға түсірілген, сапалы монтаждalған, кәсіби журналистердің бағдарламалары, бірақ олар орыстілді контентте жұмыс істейтіндігін айтпаса тағы да болмас. Мысал үшін, жаңалыққұмар Баян Есентаеваның «Есентаева LIFE», Слава Неруш есімді азаматтың «По Чесноку» сияқты хабарларын және интернеттегі роликтерге шолу жасайтын алғашқы қазақтілді «Wi-Fi – 25» атты интернет-шоуды алуға болады. Бірақ соңғысының форматы,

тұжырымдамасы, стилі аса көңілімізден шыға қоймайды. Өздерін жоғарыда айтқанымыздай жариялайтындықтан сол қатарға қостық, әйтпесе аматорлы хабарлардың қатарына жібере салуға бір бүйіріміз бұрып-ақ тұр.

Телевидениенің ғаламторда көрініс тапқан сәтті нұсқасы ретінде ашылғанына бір жарым жылдай ғана болған «ТенгриТВ-ні» қарастырғанымыз жөн болар. Еліміздегі пионерлік веб-телевизияның өз форматы, өз контенті, өз саясаты бар. Осы аз уақыт ішінде 3-4 бағдарлама жасап үлгерді. Оларды елімізге танымал журналистер мен қоғам қайраткерлері жүргізеді. Бұл интернет арқылы таратылатын еліміздегі алғашқы конвергентті редакцияның (Тенгриный, ТенгриФМ, ТенгриТВ) жаңашыл, креативті бастамасы деп білеміз.

Халықтың бірен-сараны болмаса, басым көпшілігі газет-журналдарды оқымақ түгілі, қолына алудан қалды. Ондай адамдар зиялы орталарда да, бизнесте де, саясатта да бар. Ең сорақысы, журналистердің өздері газет дегенді ұмытқалы қашан?! Ендігі уақытта еңбектеген баладан бастап қолына гаджет ұстатып қойғанымызда, теледидардың да экраны шаң басып, кейінірек антиквариатқа айналмасына кім кепіл? Рас, бүгінгі күні теледидар көрмейтін жастардың дәуірі келді. Телефонына телміріп, интернеттен керегін оқып-көріп алып, әлеуметтік желіде тұқырып отырады. Жас буын кез-келген уақытта жаңалықты сайттан парақтап шығып, көріп алуға болатындығын білетіндіктен, кешкі сағат тоғызда телеэкраннан көрсетілетін жаңалықтар топтамасын тосып отыратын консерватор аға буынды түсіне алмай әлек. Біз қашып құтыла алмайтын заманның көрінісі осындай.

Бар айтпақ ойымыз, болашақта БАҚ-тың барлық басқа салаларын ысырып салып, ақпараттың айдынына тек интернет иеленіп қалмақ. Қазіргі дәстүрлі БАҚ өз жұмысын ғаламтор бетінде ғана жалғастыра алады. Оның айқын даму жолы осындай. Конвергентті журналистикаға ақырындап аяқ басып келеміз. Уақыты тапшы, шетінен іскер адамдардың заманында үнемі қалтаңда, жұмыс орнында болсаң компьютерінде тұратын қолжетімді ақпараттан кім қашпақ?! Ойын-сауық керек десеңіз, ол да сонда. Киноңыз да бар. Талғамыңызға сәйкес, тағылымды-ағартушылық материалдарды да бір тетікті басу арқылы көре аласыз.

Бұл – қысқалықтың, видеоның, фотоның дәуірі. Тұтынушысы көзбен бір шолып шыққанда ақпарат алып үлгеретіндей жағдай жасауы тиіс екендігін келешектің журналисі білгені абзал. Online ақпарат құралы – мақалалар оқылып, фото мен видеоны көріп қоя салатын жер емес, оқиғалар мен идеялар талқыланатын аренаға, пікірлестердің басын қосатын форумға айналғандығын бәріміз де мойындауға тиіспіз деген ойдамыз.

Біз бұл тұжырымдарды айтуға селқос келе салған жоқпыз. Заманның көрінісі осындай. Барар жолын да жанамалап көрсетіп қоятын сияқты. Тек өзіміз ескілікке құмармыз. Әлемнің алпауыт елдері ерте түсініп, әрекеттеніп жатыр. Тіпті біздің гипотезалық пікіріміз, біз ойлағаннан да тез жүзеге асып кетпесі неғайбіл. Себебін дәлел-дәйектермен түсіндіре кетейік. Радиоға 50 миллион аудитория жинау үшін 38 жыл қажет болды, телевидение сол ауқымдағы аудиторияға жету үшін 13 жыл жұмыс істеген, интернет ол аудиторияға 4 жылдың ішінде жетті. Facebook 50 миллион адамды 2-ақ жылда жинады. Міне керек болса! Орта есеппен қазіргі таңда адамзаттың үштен бірі online-дамыз деп кесіп айта алады. 1995 жылы интернетті 45 миллион адам пайдаланса, 2015 жылы пайдаланушылардың саны 4 миллиардқа жақындайды деген болжам бар. Географиялық аймақтарға бөліп қараса, алдыңғы шептегі Еуропаның қамтылуы 65 пайыз төңірегінде, 100 пайыз қамтылған елдер бірен-саран. Түрлі есеп бойынша, Қазақстанның қамтылуы 30-35 пайыз аралығында. Қазіргі қарқынмен өсетін болса, алдағы 10 жылдың ішінде жер беті интернетпен толық қамтылмақшы. Ендеше, қалыс қалмайық, тек шалыс баспайық.

Халқымызда «шамаң жетсе, уақыттан оза жүр, жетпесе қатар жүр, бірақ еш уақытта заманнан қалма» деген сөз бар. Ол рас, сипатталғандай санымен жеңдірмейтін молды, қайратымен күш бермейтін зорды тек уақытпен одақтас болып қана жеңуің мүмкін. Суреттелген ақпараттық аласапыран – адамзаттың индустриалдық дәуірден ақпараттық дәуірге өткендігінің айшықты белгісі. Ғалымдар айтып кеткен «үшінші өркениет идеясы – ақпараттық өркениет» басталып кеткеніне ешкім де қарсы шыға қоймас. Ақпараттық

дәуірдің шапшаң өмір ырғағы мен уақыт және кеңістік туралы жаңа түсініктері Жер шарын жұдырықтай етіп, қоғам мен адам өміріндегі қауырт өзгерістерге себепші болып отыр.

ӘНГІМЕ-ХИКАЯТТАРДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

Қалибекова Сәуле Жантөреқызы

kcaule@mail.ru

Шымкент қаласындағы №80 орта мектептің директоры, Шымкент, Қазақстан

Әдебиет шығармашылық - өнер, онда көркемдік сипат басым болады. Ал, көркемдік өз кезегінде сөз өнерінің сапасын айқындайтын күрделі жиынтық. Туынды көркем шығармаға жатады. Ол тұтастық, тілдік құрылым, жазушы мен оқырман арасындағы қатынас формасын орнықтыратын дербес шығармашылықтың нәтижесі.

Жалпы, әдебиеттану ғылымындағы басты зерттеушілік арналардың бірі – қандай да бір жанрдың өзіндік табиғатын айқындау. Жанрдың қайсыбірі сөз өнері тарихының дамуы бойында ұзақ өмір сүреді (оған дәлелге мысал жанрын атауға болады), ал кейбіреулері белгілі бір дәуірлерге тән болады. Яғни, жанрлар әмбебап та, тарихи жағынан шектеулі де қасиетке ие. Жанрға тән күрделіліктің тағы бір қыры олардың әр түрлі жанрлық тұрғыдағы құбылыстарды беруінен туындайды.

Жанр осындай күрделі даму кезендерін бастан кеше отырып, әр түрлі ғылыми мектептер өкілдері тарапынан үлкен қызығушылық тудырды, сан қилы көзқарас, тұжырымдарды өмірге әкелді. Болгар ғалымы Ц.Тодоров: “Жанрдың тұрақты белгілері әр дәуірге сәйкес өзгеріп отырады, көптеген қосымша сипат қабылдайды. Алайда, ол сипат аса маңызды деп танылмайды, Сондықтан туындыны белгілі бір жанрға саралауда оның айтарлықтай әсері болмайды. Осы себептен де тарихтың әр кезеңінде бір шығарманың өзі әр қилы жанр болып танылуы мүмкін. Мұндай жағдайда басты роль атқаратын нәрсе шығарма болмысының қай белгілерінің басым болуында” дейді [1,100-б]. Жанр жөнінде академик Р.Нұрғали: «Жанрды – әдебиеттің тегі, әдебиеттегі түрлер, оның табиғатын танып, даму барысын пайымдауда бүгін әр түрлі ағым, әр түрлі мектеп өз тұжырымын ұсынады» [2,189-б], - деп жазады. Бұл кездейсоқ нәрсе емес, себебі, жанрда әдеби процестің заңдылықтары, атап айтқанда, мазмұн мен пішіннің, авторлық ой мен әдеби дәстүрлердің, жанрдың «типологиялық» мәні мен оның тарихи нақты түрлерінің ара қатынасы көрініс табады.

Прозалық жанр – бұл белгілі бір жүйеге түскен тұтас категория. Эпикалық баяндау тұрғысында келеді. Ол лирикаға қарағанда объективті, драматургияға қарағанда субъективті болады. Оның басты шарты - адамдар арасындағы қарым-қатынасты бақылау, белгілі бір уақыт қашықтығында баяндау. Соның ішінде повесть әңгіме мен роман арасындағы аралық жанрға жатады. Повесть – орыстың төл сөзі. XII ғасыр басында құрастырылған орыс шежіресі, ежелгі Русьтің көрнекті тарихи ескерткіші «Жыл мезгілдері жайлы повесть» деп аталады. Сондай-ақ, XII ғасырдың және бір даңқты туындысы «Игорь полкі туралы сөзде»: «...туыстар, еліміздің ежелгі сөздерімен Игорь полкі туралы повесті бастаймыз...» делінеді. Сөйтіп, шежіре мен «Игорь полкі туралы сөз» де повесть «болған оқиға жайлы әңгіме» деген ұғымды білдіреді. Бірақ ол кезде жанрлық мағынаға ие бола қоймаған.

Тек ХҮІІ ғасырдан бері «повесть» сөзі жанрлық сипатқа едәуір жақындау мағынада қолданылады. Дон казактарының 1637-1643 жылдары Азов үшін күресін суреттеуге арналған «Азов туралы повестер» шығармаларының құрамына бес түрлі повесть енген, олар: тарихи, поэтикалық, деректілік, ертегілік және ерекше повесть.

XIX ғасырдың алғашқы ширегіндегі шығармашылықтағы «повесть» сөзі прозада да, өлеңде де қолданылады. Мәселен, А.С. Пушкин 1820-1821 жылдары жазған «Кавказ тұтқыны» поэмасын повесть деп атаған. Сондай-ақ Е.Баратынскийдің «Бал» және А.С. Пушкиннің (Граф Нулин) поэмалары 1828 жылы «Өлеңмен жазылған екі повесть» деген жалпы атпен жарық көрген. Пушкин 1833 жылы жазған «Мыс салт атты» поэмасына да